

**Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Өндірістік-пайдалану бірлестігі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 906 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Өндірістік-пайдалану бірлестігі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Баспалар үйі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Жарғыны бекіту кезінде Қоғам қызметінің негізгі мәні бұқаралық ақпарат құралдары, баспа және полиграфия саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру деп айқындасын;

2) Қоғамның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

8

қ ы р к ү й е к т е г і

N

9 0 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

2. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының

ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" деген бөлімі мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 123-84-жолмен толықтырылсын:

"123-84. "Баспалар үйі" АҚ".

3. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына:

көрсетілген қаулыға қоса берілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 224-23-жолмен толықтырылсын:

"224-23. "Баспалар үйі" АҚ".

4 . < \* >

**Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1180 қаулысымен .**